

Қазақстан Республикасының заңнамасын ескере отырып, өнеркәсіптік тауарлардың Еуразиялық тізілімін қалыптастыру және жүргізу мәселелері бойынша Еуразиялық экономикалық комиссиямен өзара іс-қимыл жасау қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің м.а. 2022 жылғы 29 сәуірдегі № 243 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 6 мамырда № 27943 болып тіркелді

"Өнеркәсіптік саясат туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 9-бабының 38) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының заңнамасын ескере отырып, өнеркәсіптік тауарлардың Еуразиялық тізілімін қалыптастыру және жүргізу мәселелері бойынша Еуразиялық экономикалық комиссиямен өзара іс-қимыл жасау тәртібі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрлігінің Өнеркәсіптік саясат департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрлігінің интернет–ресурсына орналастыру.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Индустрія және инфрақұрылымдық даму вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы
Индустрія және инфрақұрылымдық
даму министрінің міндетін атқарушы

M. Карабаев

"КЕЛІСІЛДІ"
Қазақстан Республикасы
Сауда және интеграция министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"
Қазақстан Республикасы
Сыртқы істер министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"
Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрлігі

Индустрія және
инфрақұрылымдық
даму министрінің
міндеттін атқарушының
2022 жылғы 29 сәуірдегі
№ 243 Бұйрығымен
бекітілген

Қазақстан Республикасының заңнамасын ескере отырып, өнеркәсіптік тауарлардың Еуразиялық тізілімін қалыптастыру және жүргізу мәселелері бойынша Еуразиялық экономикалық комиссиямен өзара іс-қимыл жасау қағидалары

1 Тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Еуразиялық экономикалық комиссиямен (бұдан әрі – Комиссия) Қазақстан Республикасының заңнамасын ескере отырып, өнеркәсіптік тауарлардың Еуразиялық тізілімін қалыптастыру және жүргізу мәселелері бойынша өзара іс – қимыл қағидалары (бұдан әрі – өзара іс-қимыл қағидалары) Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің 23 қарашадағы шешімімен бекітілген мемлекеттік (муниципалдық) сатып алу мақсаттары үшін тауарлардың жекелеген түрлерінің шығарылған елін айқындау қағидаларын іске асыру мақсатында өзірленді 2020 жылғы № 105 (бұдан әрі – Айқындау Қағидалары) бекітілсін және өнеркәсіпті мемлекеттік ынталандыру саласындағы уәкілетті органның Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің өнеркәсіптік тауарларының Еуразиялық тізілімін (бұдан әрі – тізілім) қалыптастыру және жүргізу мәселелері жөніндегі Комиссиямен өзара іс-қимыл жасау тәртібін айқындауды.

2. Осы Өзара іс-қимыл қағидаларының мақсаттары үшін мынадай ұғымдар мен олардың анықтамалары пайдаланылады:

- 1) ақпараттық ресурс комиссия-ақпараттық-телекоммуникациялық желідегі комиссияның ресми сайты;
- 2) комиссияның уәкілетті құрылымдық бөлімшесі - құзыретіне мемлекеттік (муниципалдық) сатып алу саласындағы саясат мәселелері кіретін, мүше мемлекеттердің өнеркәсіптік тауарларының Еуразиялық тізілімін қалыптастыруға және жүргізуге жауапты комиссияның уәкілетті құрылымдық бөлімшесі;
- 3) өнеркәсіпті мемлекеттік ынталандыру саласындағы уәкілетті орган (бұдан әрі – уәкілетті орган) - өнеркәсіп саласындағы басшылықты, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген шектерде салааралық үйлестіруді және өнеркәсіпті мемлекеттік ынталандыруды іске асыруға қатысады жүзеге асыратын орталық атқарушы орган;

4) өтініш беруші – осы өзара іс – қимыл жасау қағидаларының ережелеріне сәйкес өнеркәсіптік тауарлардың Еуразиялық тізіліміне енгізу туралы өтінішпен (бұдан әрі-өтініш) жүгінген, Қазақстан Республикасының аумағында тауар (материал,

компонент) өндіруді жүзеге асыратын, Қазақстан Республикасында тіркелген заңды тұлға немесе жеке кәсіпкер;

5) СТ-1 тауардың шығу тегі туралы сараптама актісінің немесе сертификаттың электрондық көшірмесі – қағаз түріндегі сараптама актісінің немесе СТ-1 тауардың шығу тегі туралы сертификаттың түрі мен мәліметтерін (деректерін) толық көрсететін электрондық-цифрлық түрдегі құжат;

6) сараптама актісі-мүше мемлекеттің өнеркәсіптік тауарын өндіру кезінде тауар мүше мемлекеттен шығарылған болып есептелетін шарттардың, өндірістік және технологиялық операциялардың орындалғанын растайтын және мүше мемлекеттің уәкілетті органы (ұйымы) оның заңнамасына сәйкес беретін құжат;

7) сараптама ұйымы – тауардың шығарылған елін, Еуразиялық экономикалық одақ тауарының немесе шетел тауарының мәртебесін айқындау жөніндегі сарапшы-аудитор штатында бар, тауардың шығарылған жеріне, Еуразиялық экономикалық одақ тауарының немесе шетел тауарының мәртебесіне сараптама жүргізу жөніндегі жұмыстарды жүзеге асыратын заңды тұлға;

8) тауардың шығарылуы туралы СТ-1 сертификаты-2009 жылғы 20 қарашада қол қойылған және тауардың аумақта шығарылғанын растайтын, Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығында тауарлардың шығарылған елін айқындау ережесі туралы Келісімнің ажырамас бөлігі болып табылатын тауарлардың шығарылған елін айқындау қағидаларына сәйкес мүше мемлекеттің уәкілетті органы (ұйымы) берген СТ-1 нысаны бойынша құжат мүше мемлекеттер.

Осы Өзара іс-қимыл қағидаларында пайдаланылатын өзге де ұғымдар айқындау қағидаларында белгіленген мәндерде қолданылады.

2 Тарапу. Тізілімді қалыптастыру және жүргізу мәселелері бойынша Еуразиялық экономикалық комиссиямен өзара іс-қимыл жасау

3. Өнеркәсіптік тауарды өндіру кезінде өндіріс шарттарының сақталуын растау, сондай-ақ мемлекеттік (муниципалдық) сатып алуды жүзеге асыру үшін осындай тауарлар мен оларды өндірушілер туралы мәліметтерді есепке алу мақсатында комиссияның уәкілетті құрылымдық бөлімшесі тізілімді қалыптастырады және жүргізеді.

4. Тізілімді қалыптастыру және жүргізу айқындау қағидаларының 15-тармағына сәйкес тізілімге енгізілетін (тізілімдік жазбаның тіркеу нөмірі беріледі) мүше мемлекеттердің өнеркәсіптік тауарларын міндетті түрде жүйелі нөмірлей отырып, Комиссияның ақпараттық ресурсында жазбаларды қалыптастыру немесе жою арқылы электрондық түрде жүзеге асырылады.

5. Тарап және оны өндіруші туралы мәліметтерді Тізілімге енгізу үшін өтініш берушілер уәкілетті органға осы Өзара іс – қимыл жасау қағидаларына 1 – қосымшаға сәйкес нысан бойынша Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттің

өнеркәсіптік тауары және оны өндіруші туралы мәліметтерді Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің өнеркәсіптік тауарларының Еуразиялық тізіліміне енгізу туралы өтінішті (бұдан әрі - өтініш) уәкілетті органға тауардың шығу тегі туралы сараптама актісінің немесе сертификаттың электрондық көшірмесі СТ-1.

Сараптама актісін немесе тауардың шығарылуы туралы СТ-1 сертификатын сараптама ұйымдары Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрінің Еуразиялық экономикалық одақ тауарының немесе шетел тауарының шығарылған елін, мәртебесін айқындау, тауардың шығарылуы туралы сертификат беру және оның күшін жою, тауардың шығарылған елін айқындау жөніндегі сертификаттың нысандарын белгілеу жөніндегі қағидаларға сәйкес береді. 2021 жылғы 13 шілдеде № 454-НҚ (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 23514 болып тіркелген) болып тіркелді.

6. Уәкілетті орган осы Өзара іс-қимыл жасау қағидаларының 5-тармағында көрсетілген құжаттар келіп түскен күні оларды қабылдауды және тіркеуді жүзеге асырады.

7. Уәкілетті орган құжаттарды тіркеген сәттен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде мәліметтерді олардың толықтығы және өтініште көрсетілген талаптарға сәйкестігі түрғысынан тексереді.

8. Өтініште көрсетілген мәліметтер толық көлемде ұсынылмаған жағдайда немесе олар өтініште көрсетілген талаптарға сәйкес келмеген кезде уәкілетті орган құжаттар тіркелген кезден бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде өтініш берушіге өтініште көрсетілген мәліметтердің сәйкес келмейтіні және (немесе) жетіспейтін мәліметтерді ұсыну қажеттігі туралы хабарлайды.

Өтініште көрсетілген жетіспейтін мәліметтерді сәйкес келтіру және (немесе) ұсыну мерзімі Өтініш беруші уәкілетті органнан хабарлама алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күнін құрайды.

9. Егер өтініш беруші уәкілетті органның хабарламасын алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде өтініште көрсетілген жетіспейтін мәліметтерді сәйкес келтірмеген және (немесе) ұсынбаған жағдайда, уәкілетті орган өтініш берушіге құжаттарды одан әрі қараудан бас тарту туралы хабарлама жібереді.

10. Өтініш беруші ұсынған, өтініште көрсетілген мәліметтер сәйкес келген кезде уәкілетті орган 3 (үш) жұмыс күні ішінде осы Өзара іс-қимыл қағидаларының 5-тармағында көрсетілген құжаттарды комиссияға жібереді.

Комиссияның осы өзара іс-қимыл жасау қағидаларының 5-тармағында көрсетілген жетіспейтін құжаттарды ұсыну қажеттігі туралы сұрау салуы келіп түскен кезде уәкілетті орган өтініш берушіге 5 (бес) жұмыс күні ішінде оларды уәкілетті органға ұсыну қажеттігі туралы хабарлама жібереді.

11. Тізілімдегі жазбаның күшін жою үшін өтініш беруші уәкілетті органға осы Өзара іс – қимыл қағидаларына 2 – қосымшаға сәйкес нысан бойынша Еуразиялық

экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің өнеркәсіптік тауарларының Еуразиялық тізіліміндегі жазбаның күшін жою туралы өтінішті (бұдан әрі-тізілімдегі күшін жою туралы өтініш) кейіннен комиссияға жіберу үшін жібереді.

12. Мынадай мән-жайлардың бірінің басталуы тізілімдегі жазбаны жою туралы өтінішті жіберу үшін негіз болып табылады:

- 1) занды тұлғаны тарату немесе қайта ұйымдастыру, дара кәсіпкер ретінде қызметін тоқтату;
- 2) комиссия алқасының шешімі;
- 3) СТ-1 тауардың шығу тегі туралы сараптама актісінің немесе сертификаттың қолданылуын тоқтату.

1 Қосымша

Қазақстан Республикасының

заңнамасын ескере отырып,
өнеркәсіптік тауарлардың

Еуразиялық тізілімін
қалыптастыру және жүргізу
мәселелері бойынша

Еуразиялық экономикалық
комиссиямен өзара іс-қимыл
жасау қағидаларына

(нысаны)

ӨТІНШІ Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттің өнеркәсіптік тауары және оны өндіруші туралы мәліметтерді Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің өнеркәсіптік тауарларының Еуразиялық тізіліміне енгізу туралы

№ п/п	Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттің өнеркәсіптік тауардың өндірушінің сәйкестендіру коды*	Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттің өнеркәсіптік тауардың өндірушінің сәйкестендіру коды**	Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттің өнеркәсіптік тауардың өндірушінің сәйкестендіру коды**	ЕАӘО СЭҚ ТН сәйкес өнеркәсіптік тауардың сыныпта малық коды	Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттің өнеркәсіптік тауарының атауы	Мынадай құжаттардың біреуінің атауы, номірі және бекітілген күні: техникалық норматив, стандарт, техникалық шарттар (бар болса)	Ұпайсаны (есептелген жағдайда)	СТ-1 тауардың шығу тегі туралы сараптама актісінің немесе сертификаттың қолданылу мерзімінде аяқталу күні	СТ-1 тауардың шығу тегі туралы сараптама актісінің немесе сертификаттың қолданылу мерзімінде аяқталу күні	
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11

* - Қазақстан Республикасының коды көрсетіледі: 03;

** - занды тұлғалар үшін 12 таңбалы цифрлық код-бизнес – сәйкестендіру нөмірі немесе дара қасіпкерлер үшін жеке сәйкестендіру нөмірі көрсетіледі;

*** - өнеркәсіптік тауарды өндірушінің атавы көрсетіледі:

занды тұлғалар үшін-занды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтамаға немесе занды тұлғаның филиалын немесе өкілдігін есептік тіркеу туралы анықтамаға, занды тұлғаның филиалы немесе өкілдігі туралы ережеге сәйкес;

жеке тұлғалар үшін-дара қасіпкерді мемлекеттік тіркеу туралы қуәлікке немесе дара қасіпкер ретінде қызметінің басталғаны туралы хабарламаға сәйкес.

2 Қосымша

Қазақстан Республикасының
заңнамасын ескере отырып,
өнеркәсіптік тауарлардың
Еуразиялық тізілімін
қалыптастыру және жүргізу
мәселелері бойынша
Еуразиялық экономикалық
комиссиямен өзара іс-қимыл
жасау қағидаларына

(нысаны)

ӨТІНПШ Еуразиялық экономикалық одакқа мүше мемлекеттердің өнеркәсіптік тауарларының Еуразиялық тізіліміндегі жазбаның күшін жою туралы

Тізілімдік жазбаның тіркеу нөмірі	Еуразиялық экономикалық одакқа мүше мемлекеттің өнеркәсіптік тауарды өндірушінің сәйкестендіруду коды	Еуразиялық экономикалық одакқа мүше мемлекеттің өнеркәсіптік тауарды өндірушінің сәйкестендіруду коды	Еуразиялық экономикалық одакқа мүше мемлекеттің өнеркәсіптік тауарды өндірушінің сәйкестендіруду коды	Еуразиялық экономикалық одакқа мүше мемлекеттің өнеркәсіптік тауарды өндірушінің сәйкестендіруду коды	ЕАЭО СЭҚ ТН сәйкес тауардың сыйыптамалық коды	Еуразиялық экономикалық одакқа мүше мемлекеттің өнеркәсіптік тауарының атавы	Еуразиялық экономикалық одакқа мүше мемлекеттің өнеркәсіптік тауарларының атавы
1	2	3	4	5	6	7	8

*көрсетіледі:

"01" коды-егер Еуразиялық экономикалық одакқа мүше мемлекеттердің өнеркәсіптік тауарларының Еуразиялық тізіліміндегі жазбаның күшін жою мемлекеттік (муниципалдық) сатып алу мақсаттары үшін тауарлардың жекелеген түрлерінің шығарылған елін айқындау қағидаларының (бұдан әрі – қағидалар) 23-тармағының 1) тармақшасы негізінде жүзеге асырылса;

"02" коды – егер Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің өнеркәсіптік тауарларының Еуразиялық тізіліміндегі жазбаның күшін жою Қағидалардың 23 – тармағының 2) тармақшасы негізінде жүзеге асырылса;

"03" коды – егер Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің өнеркәсіптік тауарларының Еуразиялық тізіліміндегі жазбаның күшін жою Қағидалардың 23 – тармағының 3) тармақшасы негізінде жүзеге асырылса.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК